

Кімге: Ұлытау облысының Денсаулық сақтау басқармасына

Автор: Бегалина Жулдыз Тунгатовна, Медициналық әлеуметтік сараптама бөлімінің бас маманы

Күні: 22.04.2025ж

Аналитикалық жазба

Тақырыбы: Ауруларды диагностикалау және емдеу саласындағы соңғы технологияларды меңгере алатын медициналық кадрлардың тапшылығы.

Кілт сөздер: медициналық кадрлар, емдеу, жаңа технология, диагностика.

Кіріспе.

Аналитикалық жазба тақырыбының өзектілігі:

Ауруларды диагностикалау және емдеу саласындағы соңғы технологияларды меңгере алатын медициналық кадрлардың тапшылығы – қазіргі таңда жаһандық және ұлттық деңгейде өзекті мәселе болып отыр. Бұл тақырыптың өзектілігі бірнеше маңызды факторлармен байланысты:

1. Медицинаның қарқынды технологиялық дамуы: Жасанды интеллект, телемедицина, молекулалық диагностика, роботтандырылған хирургия сияқты технологиялар медицина саласын түбегейлі өзгертіп жатыр. Алайда бұл технологияларды тиімді қолдана алу үшін мамандардан жаңа дағдылар мен терең білім талап етіледі.

2. Кадрлық дайындықтың жеткіліксіздігі: Көптеген елдерде, соның ішінде Қазақстанда, медициналық оқу орындары мен қайта даярлау курстары жаңа технологияларға сай мамандарды жеткілікті түрде даярлай алмауда. Бұл – диагностика мен емдеу сапасының төмендеуіне алып келетін негізгі себептердің бірі.

3. Өңірлік теңсіздік: Әсіресе ауылдық және шалғай аймақтарда заманауи құрал-жабдықтар болғанымен, оларды қолдана алатын білікті мамандардың жетіспеуі – денсаулық сақтау қызметінің сапасын төмендетеді.

4. Халықтың денсаулығына әсері: Диагностикадағы қателіктер немесе кешіктірілген ем — аурулардың асқынуына, емдеу шығындарының артуына және өлім-жітімнің көбеюіне себеп болады.

5. Халықаралық бәсекеге қабілеттілік: Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен басқа да халықаралық институттар қазіргі медицина мамандарына жоғары талап қояды. Технологияларды меңгерген кадрларсыз Қазақстан денсаулық сақтау жүйесінің бәсекеге қабілеттілігі төмендеуі мүмкін.

Негізгі бөлім

Білікті медицина кадрларының жетіспеушілігі көптеген елдерде елеулі проблема болып табылады. 2024 жылы дәрігерлердің тапшылығы 19%-ға – 4864-тен 3954 маманға дейін қысқарды, ал орта медицина қызметкерлерінің тапшылығы 7%-ға, 4820-дан 4505-ке дейін төмендеді. Ең тапшы мамандардың тізімінде терапевттер, жалпы практика дәрігерлері, акушер-гинекологтар, анестезиологтар-реаниматологтар, хирургтар мен педиатрлар қалуда. Ұлытау облысының денсаулық сақтау ұйымдарындағы медицина қызметкерлерінің жалпы саны 3006 болса, оның 656-сы дәрігерлер, 2350-і орта буын медицина қызметкерлері.

Ұлытау облысында 2025 жылға 50 маман жетіспейді, оның ішінде;

- Жезқазған қаласы – 17;
- Жезқазған қаласының облыстық көп бейінді ауруханасы ШЖҚ КМК – 5 (Балалар эндокринологы – 1, балалар нефрологы – 1, онкологы – 2, дерматовенерологы – 1);
- Жезқазған қаласының емханасы ШЖҚ КМК – 6 (кардиолог – 1, хирург – 1, дерматовенеролог – 1, маммолог – 1, онколог – 1, ВОП – 2);
- Облыстық психикалық денсаулық орталығы КМКҚ – 2 (психиатр-нарколог – 2);
- Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы КМКҚ – 1 (көшпелі жедел жәрдем дәрігері);
- Қарлығаш – 1 «соматикалық санаторийі» ШЖҚ КМК (реабилитолог);
- ЖИТС – 2 алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі облыстық орталық КМКҚ (инфекционист – 1, эпидемиолог – 1);
- Сәтбаев қаласы – 17;
- Облыстық фтизиопульмонология орталығы КМКҚ – 4 (фтизиатр – 1, фтизиопедиатр – 2, эпидемиолог – 1);
- Сәтбаев қаласының емханасы ШЖҚ КМК – 9 (педиатр – 1, ЖТД – 1, невролог – 1, офтальмолог – 1, УЗИ дәрігері – 1, травматолог – 1, функционалдық диагностика дәрігері – 1, акушер-гинеколог – 1, кардиолог – 1);
- Сәтбаев қаласының ауруханасы емханасы ШЖҚ КМК – 4 (анестезиолог-реаниматолог – 2, акушер-гинеколог – 2);
- Жаңаарқа ауданы – 3 (эндокринолог – 1, нейрохирург – 1, акушер-гинеколог – 1);
- Ұлытау ауданы – 9 (терапевт – 1, педиатр – 1, офтальмолог – 1, отоларинголог – 1, акушер-гинеколог – 1, хирург – 1, УЗИ дәрігері – 1, онколог – 1, анестезиолог-реаниматолог – 1);
- Жәйрем – 1 (УЗИ дәрігері – 1);
- Қаражал – 3 (невролог – 1, офтальмолог – 1, отоларинголог – 1).

Бүгінгі таңда, Ұлытау облысының медициналық ұйымдарына 38 маман келді, оның ішінде; Жезқазған қаласына – 21, Сәтбаев қаласына – 3, Жаңаарқа ауданына – 7, Ұлытау ауданына – 3, Жәйрем – 5, Қаражал – 1.

Мақсаты: Медицина кадрларын көбірек даярлау және тарту қажеттілігін жақсарту.

Бастамалар мен шешімдер:

1. Қаржыландыру стратегиясын әзірлеу
2. Инфрақұрылымды жақсарту
3. Медицина қызметкерлерінің біліктігін арттыру және қажетті медициналық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету.

Денсаулық сақтаудың тұрақты жүйесі медициналық күтімнің сапасы мен қол жетімділігін арттыруға ықпал етеді.

Басты сын – қатерлер:

Жеткілікті қаржыландыруды қамтамасыз ету болып табылады. Медициналық күтімге қол жетімділікті және денсаулық сақтау жүйесін дамытуды қамтамасыз ету үшін қаржыландырудың тұрақты көздері қажет. Жаңа технологиялар мен инновацияларды пайдалану жаһандық денсаулық сақтауды жақсартуда маңызды рөл атқарады. Жасанды интеллект, цифландыру, телемедицина, геномика және басқа да технологиялар пациенттерді диагностикалауды, емдеуді және мониторингтеуді жақсартуға, сондай-ақ денсаулық сақтау жүйелерін басқаруды оңтайландыруға көмектесіп, медицина мамандарының жұмысын жеңілдету арқылы медицинаның сапасын жақсартады.

Қойылатын міндеттер:

1. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен оқыту.
2. Ауылдық жерлерге жұмыс істеуге келген мамандарға бір жолғы ақшалай төлемді қамтамасыз ету.
3. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы шеңберінде кредиттер беру.
4. Ұлытау облысының мамандандырылған медициналық көмек көрсету қызметкерлеріне – 8-10 миллион көлемінде ақшалай көмек берілу.
5. Барлық келген мамандарға қызметтік пәтерлердің берілуі.

Қорытынды:

Медициналық күтімге қол жеткізудегі теңсіздік, жұқпалы аурулар, кадрлардың жетіспеушілігі, қаржыландыру және этикалық мәселелер денсаулық сақтаудағы негізгі проблемасы болып табылады. Осылайша, ынталандыру, жеткілікті әлеуметтік қорғалуын, жас мамандардың келуін және кадр тапшылығын азайту үшін кәсіптің беделін арттыру.